



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2022 жылғы 25 қараша мен 2 желтоқсан аралығындағы
жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2022 жыл, 5 желтоқсан

Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 2 желтоқсанда теңгенің нарықтық бағамы қаралып отырған кезеңде 0,8%-ға (465,38 теңгеден) әлсіреп, 1 АҚШ доллары үшін 468,98 теңге деңгейінде қалыптасты.



2022 жылғы 25 қараша мен 2 желтоқсан аралығында сыртқы валюта нарығында бірқатар маңызды оқиға болды. АҚШ Еңбек министрлігі қарашада ауыл шаруашылығына жатпайтын секторда жұмыс істейтіндер санының 263 мыңға ұлғайғанын мәлімдеді, осыдан соң инвесторлар АҚШ ФРЖ жақын арада өз саясатын күшейтуін тоқтатпайды деп қауіптен бастады. Бұл ретте Джером Пауэлл биыл мөлшерлеменің 3,75-4%-ға дейін қарқынды ұлғаю әсерін бағалау үшін ставканың өсу қарқынын бәсеңдету қажет деген белгі берді. АҚШ-тың жеке тұтыну шығыстарының индексі қарқыны жағынан ж/ж 6%-ға дейін қысқарғанын көрсетті. ҚХР Үкіметі жаппай наразылық салдарынан ірі қалаларда (Пекин, Шанхай, Гуанчжоу) ковидке қарсы шектеу шараларын жеңілдете бастады.

Бұл факторлар дамушы нарықтардағы валюталардың әртүрлі бағыттағы динамикасын көрсетті.



Дамушы елдерде АҚШ долларына қатысты валюталар бағамының динамикасы төмендегідей қалыптасты:

- **Бразилия реалы** саяси факторлар аясында 3,3%-ға (5,4-тен 5,22-ге дейін) нығайды. Конгрестің төменгі палата төрағасы осы жобада жаңа сайланған Президенттің сайлауалды уәделерін орындауы үшін бюджет шығыстарын ұлғайтуға бағытталған конституциялық түзетудің мақұлданбайтынын мәлімдеді;
- **Индонезия рупиясы** 1,6%-ға (15 673-тен 15 426-ға дейін) нығайды. Индонезия банкі мөлшерлемелерді алдын ала көлемді арттырудың инфляциялық күтулерді ойдағыдай төмендетіп жатқанын хабарлады. Инфляция өткен айдағы 5,71%-дан қарашада 5,42%-ға дейін бәсеңдеді;
- **үнді рупиясы** MSCI India индексі жартыжылдық қайта теңгерімдеу аясында шетелдік инвесторлар тарапынан қор нарығына капиталдың әкелінуі аясында 0,5%-ға (81,69-ден 81,32-ге дейін) нығайды;
- **түрік лирасы** қараша айында сауда балансы дефицитінің 8,8 млрд АҚШ долларына дейін ұлғаюы туралы деректер аясында 0,2%-ға (18,6-ден 18,64-ке дейін) әлсіреді. Қаржы министрлігі 9% мөлшерлеме бойынша 2 млрд АҚШ доллары сомасына 5 жылдық еурооблигацияларды орналастырды, бұл алдыңғы орналастырудан 1 п.т. төмен;
- **Мексика песосы** шетелдік инвесторлардың борыш нарығындағы капиталды әкетуі аясында 0,4%-ға (19,33-тен 19,4-ке дейін) әлсіреді;

- **Оңтүстік Африка ранды** ОАР Президенті Сирил Рамафосаның ықтимал импичменті туралы хабарламалар аясында 2,5%-ға (17,08-ден 17,51-ге дейін) әлсіреді;
- **Ресей рублі** ЕО елдерінің Ресей мұнайы бағасының шегін барреліне 60 АҚШ доллары деңгейінде бекітуі аясында 2,5%-ға (60,5-тен 62-ге дейін) әлсіреді.



Дамушы елдердегі валюталардың динамикасы
(2022 жылғы 18 қараша = 100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:
 8 (7172) 77–52–10
 e-mail: press.nationalbank.kz
www.nationalbank.kz